



БҰЙРЫҚ

2017 жыл 17 шілде
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 520
город Астана

**«Ұлттық нейрохирургия
орталығы» акционерлік
қоғамының 2016 жылғы жылдық
қаржылық есептілігін бекіту
және таза табысын бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) мен 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысының 3-тармағына, 2017 жылғы 1 наурыздағы «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық есебіне, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының 2017 жылғы 7 маусымдағы № 1 Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырыстың қорытындысының хаттамасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2017 жылғы 1 шілдедегі № КГИП-5-5566-КГИП-2466 хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2016 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (01000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран көшесі, 34, БСН: 080440018645, ЖСК: KZ828560000000526973, «БАНК ЦЕНТР КРЕДИТ» акционерлік қоғамы, БСК: КСJBKZKX);

2) 2016 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның 692 591 (алты жүз тоқсан екі мың бесжүз тоқсан бір) теңге мөлшеріндегі таза табысын төмендегідей бөлу тәртібі:

346 295 (үш жүз қырық алты мың екі жүз тоқсан бес) теңге сомасындағы таза табыстың 50 (елу) пайызы Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтерді төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

346 295 (үш жүз қырық алты мың екі жүз тоқсан бес) теңге сомасындағы таза табыстың 50 (елу) пайызы Қоғамының иелігінде қалдырылсын;

3) 2016 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясының есебіне 0 (нөл) теңге 4 (төрт) тиын дивидендтің мөлшері бекітілсін.

2. Қоғам Басқармасының төрағасы:

осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтердің республикалық бюджеттің кірісіне аударылуын қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі**



Л. Ақтасва